

**Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Ұлттық зейнетақы агенттігінің мәселелері**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 8 сәуір N 297. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1999.04.26. N 471 қаулысымен. ~P990471

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 U973655_ Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 45, 410-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігі туралы ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің құрылымы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 17 шілдедегі N 1108 P971108_

қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 32, 293-құжат) 4-тармағының екінші және үшінші абзацтарының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 8 сәуірдегі
N 297 Қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігі туралы
ЕРЕЖЕ

Миссиясы

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) миссиясы жинақтаушы зейнетақы жүйелерінің жұмыс істеуін құқықтық, ұйымдастырушылық және институционалдық қамтамасыз ету және халықтың зейнетақы жинақтауларын қорғау үшін жағдай жасау болып табылады.

I. Жалпы ережелер

1. Агенттік жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу және оған бақылау жасау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган болып табылады және өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Агенттіктің өз құзыретінің шегінде қабылдаған шешімдері барлық органдар мен ұйымдардың атқаруы үшін міндетті.

2. Агенттікті ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігін ұстауға көзделген қаражаттың есебінен жүзеге асырылады.

3. Агенттіктің құрылымын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

4. Агенттіктің штат саны мен еңбекақы төлеу қорын Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі белгілейді.

5. Агенттік заңды тұлға болып табылады, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі болады.

II. Агенттік қызметінің басымдықтары

6. Агенттіктің қызметіндегі негізгі басымдықтар:

- өз зейнетақылық жинақтауларының есебінен азаматтардың зейнетақымен қамтамасыз етілуі жөніндегі құқықтарын іске асыру үшін жағдай жасау;
- халықтың зейнетақылық жинақтауларын қорғау мақсатында жинақтаушы зейнетақы қорларының тұрақты қызметін қамтамасыз ету болып табылады.

III. Агенттіктің міндеттері, функциялары және құқықтары

7. Агенттіктің өз қызметінің аясындағы негізгі міндеттері:

- 1) жинақтаушы зейнетақы жүйесін құруға қатысты зейнетақы реформасын іске асыру;
- 2) жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметіне міндетті талаптар белгілеу;

3) мемлекеттік және мемлекеттік емес зейнетақы қорларының қызметін лицензиялау, қадағалау және бақылау жасау болып табылады.

8. Агенттік өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) заңдарда белгіленген тәртіппен мемлекеттік және мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметтерін лицензиялайды;
- 2) жинақтаушы зейнетақы қорларының құрылтайшыларына, басшы қызметкерлеріне және мамандарына деген талаптарды белгілейді;
- 3) жинақтаушы зейнетақы қорларының жарғылық капиталының мөлшері мен құрамын белгілейді;
- 4) заңдарда белгіленген стандарттар мен талаптарға сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорларының есебін жүргізу және есептілігі жөніндегі әдістемелік басшылықты ұйымдастырады;
- 5) алушылардың жеке шоттарында жинақталған зейнетақы қаражаттарына есеп жүргізудің тәртібін белгілейді;
- 6) жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы жарналарынан және инвестициялық кірістен проценттер түрінде алатын комиссиялық

сыйақыларының шекті мөлшерін белгілейді;

7) өз құзыретінің шегінде зейнетақы қаражаттарының құралуы мен мақсатты пайдаланылуына бақылау жасайды;

8) үлгілік зейнетақы шарттарын әзірлейді және бекітеді;

9) жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы ережелерін бекітеді;

10) жинақтаушы зейнетақы қорлары заңдарды бұзған жағдайда оларға "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ықпал ету шараларын қолданады;

11) мемлекеттік емес зейнетақы қорларын қайта ұйымдастыруға (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару) немесе таратуға рұқсат береді;

12) мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларының филиалдары мен өкілдіктерін ашуға рұқсат береді;

13) таратылатын мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін, оның зейнетақы шарттары жөніндегі міндеттемелерін басқа қорғау берудің тәртібін белгілейді;

14) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ашық жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметі кезеңіндегі дауыс беру құқымен бірге акцияларының 25%-тен астамына тікелей немесе жанама ие болу, билік ету және/немесе оларды басқару құқығын жүзеге асыруға рұқсат береді;

15) өзінің алдына қойылған міндеттерге сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және белгіленген тәртіппен бекітеді;

16) жинақтаушы зейнетақы қорлары қызметінің мәселелері жөніндегі заң және өзге де құқықтық нормативтік актілер мен құжаттардың жобаларын әзірлейді және дайындауға қатысады;

17) Агенттік қызметкерлерінің дербес жауапкершілігінің негізінде мемлекеттік және коммерциялық құпияны білдіретін ақпараттардың, жинақтаушы зейнетақы қорларының бастапқы статистикалық ақпараттары мен қаржылық есептілігі құпиялылығының сақталуын қамтамасыз етеді;

18) Агенттіктің және жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметкерлерін даярлауды, қайта даярлауды және олардың кәсіби біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

19) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

9. Агенттік өзіне жүктелген тапсырмаларды жүзеге асыру және міндеттерін орындау кезінде өз құзыреті шегінде:

1) министрліктерден, мемлекеттік комитеттерден, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, өзге де органдардан, ұйымдардан және жеке адамдардан Агенттікке жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті

құжаттарды, қорытындыларды, анықтамалық және өзге де материалдарды сұратуға және алуға;

2) белгіленген тәртіппен жинақтаушы зейнетақы қорларынан есеп алуға;

3) белгіленген тәртіппен жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін, оның ішінде жергілікті жерлерде, тексерістер жасау жолымен тексеруге, жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі өз функцияларын дұрыс жүзеге асыру үшін қажетті ақпараттар алуға және алынған ақпараттар бойынша түсініктер талап етуге;

4) тексерістерге қатысу үшін белгіленген тәртіппен қаржы, салық және құқық қорғау органдарының мамандарын, сондай-ақ консультант ретінде отандық және шетелдік мамандарды тартуға;

5) жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметінде Қазақстан Республикасының заңдарының бұзылуы анықталған жағдайда материалдарды тиісті шаралар қабылдау үшін құқық қорғау органдарына, соттарға және басқа да мемлекеттік органдарға жолдауға;

6) зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарға сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақы төлеуге арналған зейнетақылық жинақтаулардың жеткіліктілігін белгілеуге;

7) зейнетақымен қамсыздандыру және лицензиялау туралы заңдарда көзделген негіздер бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының қызметіне арналған лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға;

8) таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорларының бекітілген тарату баланстары мен есептерін алуға;

9) Агенттіктің жұмысына жекелеген мәселелер бойынша келісім-шарт негізінде жоғары білікті мамандарды тартуға;

10) Агенттіктің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар және халықаралық симпозиумдар өткізуге;

11) заңдарда көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқығы бар.

IV. Агенттіктің қызметін ұйымдастыру

10. Агенттікті Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Директор басқарады. Агенттік директорының оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасары болады.

11. Агенттікке жүктелген міндеттердің орындалуы және оның өзінің миссиялары мен функцияларын жүзеге асыру үшін Директор дербес

жауапкершілікте болады.

12. Директор:

Агенттіктің қызметіне басшылық жасайды және Агенттікке жүктелген міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді;

белгіленген тәртіппен жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің жобаларын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізеді;

орынбасары мен Агенттіктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттерін бөледі;

Агенттік қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, тәртіптік жазалар қолданады;

қызметкерлердің белгіленген саны мен еңбекақы қорының шегінде Агенттіктің штаттық кестесін бекітеді;

өз құзыретінің шегінде бұйрықтар шығарады;

мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара қатынастарда сенімхатсыз Агенттікті білдіреді;

Лицензиялық кеңестің қаулысы негізінде лицензияны беру, беруден бас тарту, қолданылуын тоқтата тұру туралы бұйрықтар шығарады;

Агенттік беретін лицензияларға қол қояды;

өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

13. Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін лицензиялау мәселелерін шешу үшін Агенттікте Лицензиялық кеңес құрылады.

14. Лицензиялық кеңес жеті адамнан тұрады. Лицензиялық кеңестің құрамына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясынан бір-бір өкілден, Қазақстан Республикасының Еңбекәлеуметминінен бір өкіл, Директор, Директордың орынбасары, директордың бұйрығымен тағайындалатын Агенттіктің құрылымдық бөлімшелерінің екі басшысы кіреді. Қазақстан Республикасы Еңбекәлеуметминінің өкілі Лицензиялық кеңестің төрағасы болып табылады.

15. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясынан, Қазақстан Республикасының Еңбекәлеуметминінен Лицензиялық кеңеске мүшелерді тиісінше Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы, Қазақстан Республикасының Еңбекәлеуметмині тағайындайды және босатады.

16. Лицензиялық кеңес өз отырыстарында Агенттік Директорының ұсынуы бойынша лицензияны беру, лицензия беруден бас тарту, лицензияның

қолданылуын тоқтата тұру мәселелерін қарайды.

17. Лицензиялық кеңес мүшелерінің кемінде бесеуі болғанда өзінің отырыстарын өткізуге құқықты, бұл ретте осы Ереженің 15-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдардың өкілдері екеуден кем болмауы тиіс. Лицензиялық кеңестің құзыретіне жатқызылған

мәселелер бойынша шешім отырысқа қатысушы оның мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Лицензиялық кеңес төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

18. Лицензиялық кеңестің отырысын Агенттік директорының ұсынуымен Төраға тағайындайды. Отырыс Агенттік орналасқан жерде өткізіледі.

19. Лицензиялық кеңестің шешімі Төраға мен Лицензиялық кеңестің барлық қатысушы мүшелері қол қоятын қаулымен ресімделеді.

V. Агенттікті тарату және қайта құру

20. Агенттік заңдарда белгіленген тәртіппен қайта ұйымдастырылады және таратылады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 8 сәуірдегі
N 297 Қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық
зейнетақы агенттігінің
ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық
Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін лицензиялау және
реттеу басқармасы
Есеп және есептілік ұйымдастыру басқармасы
Заң бөлімі
Аппараттың жұмысын ұйымдастыру бөлімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК